

## **Құрметті Елбасы!**

Менің әжем айтушы еді «Елдің басшысы – Алла тағаланың жердегі көлеңкесі» деп. Ол рас екен. Сізді Алла, халқымыз үшін асқақтата берсін!

Мен 10 баланың анасымын. Бұл - менің байлығым. Болашақта – **Қазақ елінің** байлығы болсын деп армандаймыз. **Сіз сияқты** - егемен елдің ертеңіне жауапты азамат болса деп, **Сіз сияқты** - халықтың қамын ойлайтын, жан шуағы баршаға жететін, көңілі дархан, шешімі әділ, ақ азамат болсын деп армандаймыз.

Бүгін Қазақстанда балаларды тәрбиелеуге барлық жағдай жасалған. **Сізге сол үшін, қадірменді Елбасы, барша аналар атынан алғысымды айтамын.**

Маған «**Осынша балаға Үкіметтен көмек сұрамайсыз ба?**» - деген сұрақ жиі қойылады. Мен, осы сахнадан жауап бергім келеді – **Ата-ана, баланы өзі үшін туады, біреу үшін емес!**

Ата-бабамыздан қалған **НАМЫС** деген ұлы ұғым бар. Аяқ-қолымыз бүтін біз - көмек сұрауға намыстанамыз. Өз балаңды тәрбиелеу, бүгінгі сөзбен айтсақ – өз болашағыңа инвестиция.

Менің алдымда сөз сөйлеген Наташа – Қазақстанда 8 миллион әйел бар екенін айтты. Егер солардың әрқайсысы 10 баладан тапса – 80 миллион Сізге дауыс беруші азамат арамызға қосылар еді. Сонымен қатар, Сіздің **ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА** 80 миллион еңбек сүйгіш жұмыс қолы қосылар еді.

**Құрметті Елбасы,** жігіттерге жағдай жасайтын болса, қыздар әрқашан қолдайды деп айтқым келеді!

**Сіздің арқаңызда ҚАЗАҚСТАН** бүгін әлемге әйгілі. **БІРЛІГІМІЗ** - өркениетке үлгі. Олай болса, «**Алты алаштың алтын сақа бірлігі алшысынан аумаса**» деген ниетпен, Сіз бізді, Нұрлы жолмен, мерейлі Мәңгілік елге бастай беріңіз! Рахмет.